

**Ж.Еділбаев атындағы
№18 мектеп - гимназиясы**

**Информатика пәнінің мұғалімі
Арыстанова Алтынай
Полатбековна**

Панорамалық сабақ

Сабақтың тақырыбы:

*Суреттің үзінділерін
ерекшелеу. Суреттің
үзінділерімен жұмыс.*

Сабақтың мақсаты:

Білімділік – Суреттің үзінділерін ерекшелелеу.

Суреттің үзінділерімен жұмыс тақырыбы бойынша оқушыларға жалпы түсінік беру.

Дамытушылық – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, өз беттерімен жұмыс істей алу дағдыларын, сөйлеу шеберліктерін дамыту.

Тәрбиелік – жауапкершілікке, өз бетімен жұмыс істеуге, жұмыс нәтижесіне жетуге, ұйымшылдыққа, жан-жақты болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

- Топпен жұмыс жасауға дағдыланады;
 - Paint графикалық редакторында сурет үзінділерімен жұмыс жасай алады;
 - Суреттің үзінділерін ерекшелей алады;
 - Өзін-өзі, топ жұмысын бағалай алады.
-

- Аралас сабақ

Сабақтың түрі:

- Оқу мен оқытудағы әдіс-тәсілдер, оқу мен оқытуда АКТ-ны пайдалану, оқыту үшін және оқуды бағалау, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту, оқыту мен оқудағы көшбасшылық.

Сабаққа кіріктірілген
модульдер:

Сергіту сәті:

Миға шабуыл», «ДЖИКСО» әдісі , сергіту сәті, рефлексия «Екі жұлдыз, бір тілек».

Сабак барысында

қолданылатын

әдістер :

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

а) «Миға шабуыл» әдісі

ә) Топқа бөлу

III. «Ой қозғау».

IV. Жаңа сабақ. Жаңа сабаққа кіріспе.

V. Жаңа сабақты меңгергенін зерттеу кезеңі.

VI. Жаңа сабақты бекіту. «Сен-маған, мен-саған» әдісі.

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма.

IX. Кері байланыс.

Сабақтың жоспары:

«Алақан» жаттығуы:

Балалар, бір-біріңе қарап жымыыңдар, алақандарыңды біріктіріп, жүректеріңнің жылуын беріңдер

I. Ұйымдастыру кезеңі.

«Үшбұрыш», «Төртбұрыш» жазылған парақшалар оқушыларға таратылады, осы арқылы оқушылар I топ «Үшбұрыш» және II топ «Төртбұрыш» бөлінеді.

Топқа бөлу

а) «Миға шабуыл» әдісі

- Графикалық редактор деген не?
- Графикалық редакторды іске қосу тәсілі
- Paint не үшін арналған программа, оның қазақшаға аударғандағы мағынасы қандай?
- Пиксель дегеніміз не?
- Графикалық редактордың құралдарын ата
- Дұрыс фигураны қалай саламыз?

II. Үй тапсырмасын сұрау.

- Қызығушылықты ояту
- «Ой қозғау» стратегиясы

Мақсаты:зейінін арттыру.

1.Суретті ерекшелеуге арналған құралдар не үшін қажет деп ойлайсыңдар?


III. «Ой қозғау» әдісі.

/Дәптерге бүгінгі күн мен жаңа тақырыпты жазғызу/

Суретті өзгерту үшін, алдымен оны тұтастай немесе оның қажетті бөлігін-фрагментті ерекшелеп алады.

Ерекшелеу үшін : « Ерекшелеу» сайманы қолданылады.

Ерекшеленген фрагменттің жан-жағында пунктирлі сегіз ерекшелеу маркері бар қоршау пайда болады

Суретті тұтастай ерекшелеу үшін Ctrl+A пернелер тіркесімен пайдалануға немесе Ерекшелеу- Бәрін  ерекшелеу бұйрығын орындауға болады. Ерекшелеуден бас тарту үшін басқа сайманды таңдасандар жеткілікті.

ІҮ. Жаңа сабаққа кіріспе

Әр топқа мәтіндер беріледі, оқушылар өзара талдап, талқылайды, сосын постер арқылы өз ойларын, түсініктерін жеткізеді.

1 топ. Үзіндіні көшіру, Үзіндіні жылжыту.

2 топ. Үзіндіні көбейту, Үзіндіні бұру.

Сергіту сәті

(Қозғалысқа түсу арқылы бойларын сергітеді)

Компьютерде тәжірибелік жұмыс

Мақсаты: сабақта алған білімдерін дамыту

- 1.Көбелектің суретін салу
- 2.Кескінді бірнеше рет көшіру.
- 3.Суреттің мөлшерін барлық мүмкін тәсілдермен өзгерту.
- 4.Әр өзгертуді жазып, белгілеу.
Мысалы, «30 градусқа бұру»
- 5.Суретті сақтау.

Ү. Жаңа сабақты меңгергенін зерттеу кезеңі.

Оқушыларға өз бетінше сұрақ дайындап отыруға тапсырма беріледі. Әр қайсысы қарсылас топтағы оқушыға сұрағын қояды. Жауап бере алса ұпай топқа қосылады. Жауап бере алмаса сұрақ берушіге жауап беруге мүмкіндік беріліп ұпай өзінде қалады.

ҮІ. Жаңа сабақты бекіту.
«Сен - маған, мен - саған»
әдісі

§16. Сурет бөліктерімен жұмыс істеу

ҮІІІ. Үйге тапсырма.

Оқушыларға стикер тарату.

- Бүгінгі сабақта саған не ұнады\ұнамады?
- Сенің пікірің немесе ұсынысың.

Кері байланыс.

Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!!!
